



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 960 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 1248 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 960 қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1-тармақтың 10) тармақшасында:

"4 (төрт)" деген сөз "3 (үш)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"25 (жиырма бес)" деген сөздер "30 (отыз)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бұл ретте олардың әрқайсысындағы депозит сомасы екінші деңгейдегі банктің теңгерімдік капиталының 15 (он бес) пайызынан аспауы тиіс" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*